

9. Закон о политических партиях ФРГ от 24 июля 1967 г., параграф 18, 22 а. // Зарубежное законодательство о политических партиях. Сборник нормативных актов. — М., 1993. — С. 161; Лапаева В.В. Выборы в Государственную Думу 1995 г.: проблемы совершенствования законодательства // Государство и право. — 1996. — № 9. — 230 с.
10. По материалам сайта ЦИК Республики Казахстан <http://election.kz>.

ӘОЖ 343.2/.7:343.139:343.144:343.14

Ә.Е.Мүсенова

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана

### ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША СОТ ТЕРГЕУІНДЕ СОТТАЛУШЫДАН ЖАУАП АЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЙҒАҒЫ

*В статье рассматриваются особенности проведения допроса подсудимого по уголовному делу на стадии судебного следствия и значение доказательств, добытых при этом, а также их применение и оценка судом. Автором сделан вывод, что проявление активности со стороны суда в ходе допроса подсудимого по уголовному делу законно и способствует вынесению обоснованного приговора.*

*The article is describing the features of defendant interrogation and the value of his testimonies on the stage of judicial investigation in criminal cases, court functions in respect of receipt, estimation and use of those testimonies. A conclusion is formulated about an influence of court functions at a defendant interrogation on the pronouncement of legal and grounded sentencing decision in criminal cases.*

Соттың негізгі қызметінің бірі ол іс бойынша негізді және заңды үкім қабылдау болып табылады, яғни нақты қылмыстық сот ісін жүргізудегі әрекеттердің жиынтығы және қорытынды шешім қабылдауы. Демек сотталушының аталған қылмысты жасағандығы немесе жасамағандығы, оның іс бойынша кінәлілігін немесе кінәлі еместігін анықтау, егер оның іске қатыстылығы толық дәлелденсе, онда оған қандай да шара қолдану болып табылады. Яғни нақты қылмыстық іс бойынша оның кінәлілігі дәлелденіп, оны қылмыстық жауапқа тарту мәселесін шешу, ал егер кінәлілігі дәлелденбесе, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету туралы шешім қабылдайды.

Сот тараптарға бейтараптылық танытумен, сот тергеуін ұйымдастырумен қатар, сот дәлелдеудің белсенді субъектісі болып табылады. Әрине, сот тергеуінде айыптау және қорғау тараптары мән-жайлардың дәлелденуі немесе дәлелденбеуі, сотталушының кінәлілігі, оның жазасын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар, оның жеке басын сипаттайтын мән-жайлар бойынша дәлелдемелерді ұсынуға міндетті. Дегенмен, ешқандай дәлелдеменің күні бұрын белгіленген күші болмайтынын тараптардың ескергені жөн (ҚР ҚІЖК 25-бабының 2-бөлігі) [1; 25]. Тараптармен жиналған дәлелдемелердің сот тергеуі барысында қаншалықты дәлелдемелік күші болатыны белгісіз, ол сот тергеуі барысында ауызша, тікелей зерттелген және дәлелдемелердің жиынтығына негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағаланған мән-жайлармен анықталады.

Қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, жауап алу барысында соттың ролі ерекше, дегенмен жауап алудың негізі айыптау және қорғау тараптарына жүктелген, яғни жауап алуды бірінші болып тараптар бастайды, содан кейін ғана соттың сұрақ қоюға мүмкіншілігі бар. Әрине, сот өз ролін тараптардың әрекетін бақылаумен шектеп қана қоймай, өз белсенділігін де танытуы керек [2; 14]. Ол тек сот тергеуінде зерттелген дәлелдемелерге ғана сүйене отырып, үкімді негіздей алмайды, себебі айыптау үкімі болжауларға негізделуі тиіс емес. Осыған орай сот талқылауы барысында сотталушының қылмыс жасаудағы кінәлілігі, дәлелдемелерінің жиынтығымен дәлелденген жағдайда ғана сотпен шешім қабылданады (ҚР ҚІЖК 375-б., 3-б.). Сот тергеуінде дәлелдемелердің зерттелуі ерекше сипатқа ие. Ол үшін сот тергеуі барысында сотталушылардан, жәбірленушілерден, куәлардан, сарапшылардан жауап алынады, іс болған орынды және үй-жайды қарау, тану, куәландыру, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау, тергеу эксперименті жүргізілуі мүмкін.

Ал, сот тергеуі бұл сот талқылауының басты, негізгі және орталық бөлігі болып табылады. Себебі мұнда тараптардың қатысуымен сот заңда көзделген тәртіп бойынша дәлелдемелерді зерттейді, демек қылмыстың мән-жайын анықтаудан, қылмысқа қатысты тұлғаларды анықтаудан,

сондай-ақ қылмысқа қатыстылығы анықталған жағдайда жаза тағайындау мәселелерін шешуден тұрады [3; 32].

Сот тергеуінің тәртібі, ол сот тергеуінде тексерілуге, зерттелуге жататын дәлелдемелердің ретін соттың анықтауы, яғни ол сотталушылардан, куәлардан, сарапшылардан жауап алу тәртібін және заттай дәлелдемелерді қарау, тергеу іс-әрекеттерінің хаттамалары мен құжаттарын жария ету тәртібін қарастырады. Әрине, мұндай мән-жайды соттың анықтауы, кімнің бірінші болып жауап беру мүмкіндігі емес, керісінше, іс бойынша берілетін айғақтарының маңыздылығына байланысты ретін анықтау керек, яғни сотталушының, куәлардың, сарапшылардың, егер бірнеше сотталушы, бірнеше куәлар болса, онда бірінші болып жауап беретін сотталушы, соңында жауап беретін сотталушылар, сол сияқты куәлардың, сарапшылардың жауап алу ретін анықтау іс үшін маңызды. Себебі аталған тәртіп дәлелдемелердің мазмұнына сәйкес анықталады, егер іс бойынша бірнеше сотталушылар болса, олардың әрқайсының атқарған роліне байланысты реті анықталып, жауап алынуы тиіс. Сонымен қатар дәлелдемелер аралас түрде де зерттелуі мүмкін, мысалы, іс бойынша бірнеше сотталушылардан, куәлардан, сарапшылардан жауап алынып, заттай дәлелдемелердің бір бөлігі зерттеліп болғаннан кейін, келесі сотталушылардан, куәлардан, сарапшылардан жауап алуға кірісуге, заттай дәлелдемелердің келесі бөлігін зерттеуге де мүмкіншілігі жеткілікті. Зерттеудің мұндай аралас түрі келесі мән-жайлармен байланысты болады: 1) топтасқан бірнеше сотталушылармен жасалған қылмыстық іс бойынша; 2) сотталушыға Қылмыстық кодекстің бірнеше баптарымен айып тағылса; 3) бірнеше сотталушы бір қылмыс жасаса. Әрине, аталған негіздердің орын алуына байланысты дәлелдемелерді аралас зерттеу іс үшін өте тиімді [2; 15].

Қылмыстық іс жүргізу заңы ұсынған дәлелдемелерді зерттеудің түрлі тәсілдеріне қарамастан, ерекше назар жауап алуға аударылатынын атап өткен жөн. Жауап алу дәлелдемелерді жинау және зерттеудің кең тараған құралы десек, қателеспейміз. Себебі жауап алу әрекеті жүргізілмеген қылмыстық істі кездестіру мүмкін емес.

Барлық қылмыстық істер бойынша сотталушыдан жауап алу сот тергеуінің орталығы болып табылады. Іс бойынша басты соттың талқылауы тағайындалған айыпталушы сотталушы деп аталады (ҚР ҚІЖК 69-б., 1-б.). Сот тергеуінде сотталушы басты сот талқылауының негізгі қатысушы және ол қорғау тарабының қатысушысы болып табылады, яғни іс бойынша тараптардың ұсынған дәлелдемелерін зерттеуге қатысуға кең құқылы. Сотталушы сот тергеуінде өз құқықтарын қорғай отырып, дәлелдемелерді ұсынуда, зерттеуде белсенділік таныта алады. Әрине, сотталушының айғағы дәлелдеменің қайнар көзінің бірі, дегенмен ол көп жағдайда айыптаушы дәлелдемелер болып саналады. Егер сотталушы іс бойынша айғақ беруден бастартса, онда сотта, алқабиде (егер басты сот талқылауы алқабидің қатысуымен жүргізілсе) оның кінәлілігі туралы болжам туындайды. Әрине, сотталушының айғақ беруден бастартуын ешқандай мақсатта қолдану мүмкін еместігін соттың ескеретіні хақ. Себебі «кінәсіздік презумпциясы» қағидасына сәйкес, әр адам оның қылмыс жасағандығы үшін кінәлілігі заңда көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Аталған ереже сотталушының процессуалдық мәртебесін анықтауды білдіреді.

Сот тергеуіне адвокат-қорғаушының қатысуы сотталушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау кепілінің бірі болып табылады. Осыған орай қылмыстық іс жүргізу заңы сот тергеуіне адвокаттардың міндетті қатысу негіздерін көрсеткен, олар ол туралы сотталушы өтініш білдірсе; сотталушы кәмелетке толмаса; сотталушы дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса; сотталушы іс жүргізу тілін білмесе; сотталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданса немесе ол мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатрлық сараптамаға жіберілсе; сотталушылардың мүдделері арасында қайшылық болып, біреуінің қорғаушысы болса; іс сотта қаралған кезде мемлекеттік айыптаушы, сотталушы қатысса; сотталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және сотқа келуден жалтарса; адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмысты жасағаны үшін айыпталса (ҚР ҚІЖК 71-б.). Сондай ақ күзетпен ұстаудағы сотталушы сот отырысына келуден бастартқан кезде сот істі қорғаушының міндетті түрде қатысуымен жүргізеді (ҚР ҚІЖК 315-б.) [1; 315].

ҚР ҚІЖК 316-бабына сәйкес сотталушының қорғаушысы дәлелдемелерді зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні және оның дәлелденгендігі жөнінде, сотталушының жауаптылығын жеңілдететін немесе оны ақтайтын мән-жайлар туралы, жазалау шарасы туралы, сондай-ақ сот талқылауында туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін айтады. Қорғаушы келмеген

және оны осы сот отырысында ауыстыру мүмкін болмаған кезде істі талқылауы кейінге қалдырылады. Сот отырысына келмеген қорғаушыны ауыстыруға тек сотталушының келісімімен ғана жол беріледі. Егер сотталушы шақырған қорғаушының қатысуы ұзақ уақыттың ішінде мүмкін болмаса, сот басты сот талқылауын кейінге қалдыра отырып, сотталушыға басқа қорғаушыны таңдауды ұсынады, ал ол бастартқан жағдайда жаңа қорғаушыны тағайындайды.

Демек сотталушының құқықтарын қорғау барысында адвокат өз тәсілдерін мемлекеттік айыптаушының белсенділік дәрежесін, айыптау дәлелдемелерінің жиынтығын, алдын ала тергеу жүргізілуінің сапасын ескере отырып, өз белсенділігінің ретін анықтайды. Сонымен қатар адвокат белсенді позициясын ұстана отырып, сотталушыға тағылған айыпты жоққа шығару немесе оның жағдайын жеңілдететін дәлелдемелерді ұсынады. ҚР ҚДЖК 116-бабының 2-бөлігіне сәйкес, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде іс жүзіндегі деректерді дәлелдеме ретінде пайдалануға жол берілмеушілікті, сондай-ақ оларды шектеп пайдаланудың мүмкіндігін өз бастамшылығы немесе тараптардың өтініші бойынша процесті жүргізуші орган белгілейді. Біздің көзқарасымыз бойынша, аталған ереже тараптардың теңдігі мен бәсекелестігі қағидасына толық сәйкес келмейді, яғни аталған қағида қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тараптар тең құқықты, оларға өз айқындамаларын қорғауға бірдей мүмкіндік берілген деп нақтылайды. Қорғаушы өз қорғауындағы адамды жауапкершілікпен қорғап, заңмен көзделген барлық құралдары мен әдістерін пайдалануға міндетті. Демек, іс жүргізу барысында дәлелдеме заңда белгіленген тәртіппен алынбаса, сонымен қатар ол қасақана болып табылмаса және оны жоюға мүмкіншілік болса (мысалы, тергеуші тергеу әрекеттерінің хаттамасына күнін, айын белгілемесе), онда тараптардың өтініші бойынша ол дәлелдемелердің іске жіберілуіне рұқсат беру керек. Дәлелдемелерді іске жібермеудің салдары болып, ол заң талаптарының елеулі бұзылуы және оны жоюға мүмкіншілік болмағанда ғана табылады, яғни мұндай дәлелдемелердің іске жіберілмеуіне тыйым салуға болады. Айта кететін жағдай, қылмыстық іс жүргізу заңында дәлелдемелердің іске жіберілмеуі «рұқсат етілмеуі», «жол берілмеушілігі» деген бірнеше сөздермен аударылады. Біздің көзқарасымыз бойынша, «дәлелдемелердің іске жіберілмеуі» деген бірыңғай терминді пайдаланған түсінікті және орынды.

Қылмыстық іс жүргізу заңы, сотталушының жағдайына ерекше және орынды көңіл бөлген, өйткені, біріншіден, жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауапқа тартылатыны ескертілмейді, бірақ оның жалған айғағы процеске қатысушы басқа адамдар үшін кері әсері болмаса, екіншіден, сотталушының жауап беруден бастартуы өзіне қарсы зиян келтірмейді. Сонымен қатар сотталушы өзінің пайдасына қарастырылмайтын кез келген тергеу әрекеттеріне қатысудан бастарта алады.

Сот тергеуінде сотталушы мына позициялардың бірін таңдай алады: біріншіден, өз кінәсін толық мойындамау, екіншіден, тағылған айыпты ішінара мойындау, үшіншіден, тағылған айыппен толық келісе отырып, кінәсін мойындау. Сотталушының өз кінәсін мойындауы басқа дәлелдемелермен салыстыра отырып, толық зерттелуі тиіс.

ҚР ҚДЖК 348-бабына сәйкес сотталушыдан жауап алудың алдында төрағалық етуші тағылған айып және істің басқа да жағдайлары бойынша айғақ беру немесе бермеу құқығын, сондай-ақ сотталушының барлық айтқаны өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екенін оған түсіндіреді. Сонымен қатар оған айыптаудың түсінікті-түсінікті емес екенін сұрайды, оған айыптаудың мәнісін түсіндіреді және оның тағылған айыпқа өз көзқарасын сотта хабарлау ниетінің бар-жоғын анықтайды [1; 348].

Сотталушы айғағының маңызы, біріншіден, сотталушының қорғану құралы болса, екіншіден, дәлелдеменің қайнар көзі болып табылады. Сотталушының сот тергеуіне қатысуы тек істің мән-жайын хабарлау немесе нақтылау ғана емес, ол өзін-өзі қорғау мақсатында іс бойынша тағылған айыпты, өз кінәсін және жауапкершілігін жеңілдетуге бағыттайды [2; 16]. Сотталушыдан жауап алу кезінде жауап алуға қарағанда әлде қайда қиындық тудыратыны сөзсіз, себебі сот талқылауы барысында сотталушының жауап беруі оның міндеті емес, құқығы болып табылады. Сотталушының жауап беруіне ешкім міндет жүктей алмайды. ҚР ҚДЖК 116-бабының 1-бөлігіне сәйкес процеске қатысушыларды олардың заңмен кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларды қинау, күш қолдану, қорқыту, алдау, құқықтарын толық түсіндірмеудің салдарынан жаңылуын пайдалануға жол берілмейді.

Айта кететін жағдай, ҚР ҚДЖК 69-бабының 2-бөлігіне сәйкес мынадай құқықтарға ие:

- заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;
- қылмыстық процесті жүргізуші органнан өзінің құқықтарын және мүдделерін қорғайтын іс жүргізу шешімдерін қабылдау туралы хабардар етілуге;

- бірінші және апелляциялық сатыдағы соттың қарауына қатысуға және тараптың барлық құқықтарын пайдалануға;
- соңғы сөзге;
- сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге;
- соттың үкіміне шағымдануға және т.б.

Сотталушы өз жауабын дәлелдеуге құқылы. Сотталушының жауап бермеуі оның өз кінәсін мойындамағаны деп түсініледі.

ҚР ҚДЖК 348-бабының 2-бөлігіне сәйкес сотталушы айғақ беруге келісім берген кезде бірінші болып одан қорғаушы және процеске қорғаушы тарапынан қатысушылар, сонан кейін мемлекеттік айыптаушы және айыптаушы тарапынан процеске қатысушылар жауап алады.

Профессор М.А.Чельцов «егер сотталушы өз кінәсін мойындамаса, онда сотталушыдан бірінші болып жауап алу орынсыз», керісінше, тергеуді куәлардан жауап алудан бастаған әлдеқайда орынды деп көрсетеді [3; 76]. ҚР ҚДЖК 349-бабының 1-бөлігінің 1-тармағына сәйкес егер сотталушы сотта айғақ беруге келісім бермесе, онда алдын ала тергеу барысында берген айғағы жария етіледі.

Сот тергеуінде сотталушыдан тікелей жауап алуға, яғни дәлелдемелердің тікелей зерттелуіне мына жағдайлар мүмкіндік бермеуі мүмкін, олар:

- 1) сотталушы айғақ беруден бастарқан кезде;
- 2) іс сотталушы болмаған кезде қаралса;
- 3) сот талқылауымен алдын ала тергеу барысында берілген айғақтардың арасында елеулі қайшылықтар болған жағдайда.

Ал қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес, сот талқылауы сотталушының қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін жағдайларды қарастырады:

- 1) ауырлығы шағын қылмыс жасағаны үшін айыпталған сотталушы істі оның қатысуынсыз қарау туралы өтініш берсе (ҚР ҚДЖК 315-б. 1-б. 1-т);
- 2) сотталушы Қазақстан Республикасының тыс жерлерде болған және сотқа келуден жалтарған жағдайларда (ҚР ҚДЖК 315-б. 1-б. 2-т);
- 3) күзетпен ұстаудағы сотталушы сот отырысына келуден бастартқан кезде (ҚР ҚДЖК 315-б. 1-б.);
- 4) егер сот отырысы залынан сот отырысында тәртіп бұзған, төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған сотталушы шығарылып жіберілсе (ҚР ҚДЖК 327-б. 2-б.).

Біздің көзқарасымыз бойынша, егер сотталушы сот тергеуінде айғақ беруден бастартса, онда алдын ала тергеу барысындағы жауап алу хаттамасын сот тергеуінде жария етіп қана қоймай, сонымен қатар сотталушыдан қандай да бір мәлімет алу мақсатында төрағалық етушінің дұрыс тәсіл қолданғаны орынды. Себебі сотталушының берген айғағы, сұрақтарға берген жауаптары, істің тікелей және ауызша зерттелуінің орындалуы, сондай-ақ іс бойынша объективті шешім қабылдаудың бірден-бір кепілі.

Айта кететін жағдай, сотталушының айғақ беруден бастартуы оның жағдайын нашарлатуға, сондай-ақ қорғану құқықтарына теріс әсері болмауы тиіс. Сотталушының айғақ беруден бастартуы, оның сот отырысы залында қалуына, куәлардан, жәбірленушіден және сарапшыдан жауап алуына қатысу құқығын шектемейді, сонымен қатар іс бойынша қандайда бір өтініш беруге, қорғану сөздеріне және соңғы сөзіне құқығын айырмайды. Сотталушының айғақ беруден бастартуына байланысты, соттың қандай да бір шара қолдануға құқығы жоқ, сондай-ақ дәлелдемелерді оның кінәлігіне қатысты бағалау немесе жауапкершілікті күшейту сияқты шаралар қолдана алмайды [4; 62].

Қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес тараптармен жауап алғаннан кейін сотталушыға сот сұрақ қояды, алайда нақтылау сұрақтары жауап алудың кез келген сәтінде қойылуы мүмкін (ҚР ҚДЖК 348-б, 3-б.). Демек қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес сот негізгі жауап алу барысына қатыса алмайды, яғни тараптар сотталушыдан жауап алу барысында олардың ойын бөліп соттың сұрақ қою мүмкіншілігі жоқ (сұрақты алып тастау жағдайынан басқа). Ал тәжірибенің көрсетуіне сүйенсек, сот тергеуінде басты жауап алушы сот болып табылады. Мұны судьялар, сот тергеуі барысында мемлекеттік айыптаушы және қорғаушының белсенділігінің төмендігімен байланыстырып отыр, ол сот үшін берген айғақты дұрыс бағалауға мүмкіншілік бермейтінін ескереді. Сотталушыдан жауап алу қылмыстың мән-жайларын анықтаудың негізгі қайнар көзіне айналмауы тиіс екенін соттың ескергені жөн. Егер сотталушы алдын ала тергеу барысында берген өз айғағына қарсы айғақтар берсе немесе бұрын берген айғағынан бастартса, онда сот бұл жағдайды терең зерттеуі және анықтауы тиіс [5].

Жауап беру барысында сотталушының қаншалықты дұрыс айғақ бергеніне қарамастан, ол өзінің пайдасына бұрмалайды. Бірнеше процессуалистер, соттың сотталушыдан жауап алу барысындағы

міндеті тағылған айып бойынша сотталушының көзқарасын толық ашу деп есептейді (егер сотталушы айғақ беруге келісім берсе). Яғни сотталушының өз әрекетін немен түсіндіреді, қалай бағалайды және тағылған айыпты қалай жоққа шығарады деген пікірін сот анықтауы тиіс. Егер сотталушы өз кінәсін мойындаса, онда іске қатысы бар дәлелдемелерді мұқият тексеруі және зерттеуі тиіс. Сотталушының өз кінәсін мойындауы басқа дәлелдемелердің жиынтығымен зерттелмейінше, айыптау үкімін шығаруға негіз бола алмайды.

Сотталушыдан жауап алу барысында соттың оған деген көзқарасы теріс болмауы қажет. Тараптардың, әсіресе соттың басты міндетінің бірі шындық пен жалғанды бір-бірінен айыра білу. Әрине, куәлардан, жәбірленушілерден жауап алмас бұрын қасақана көрсету, жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны ескертіледі, ал сотталушы қасақана жалған айғақ бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды, оның да маңызы жоқ емес (ҚР ҚІЖК 27-б). Қасақана көрінеу жалған айғақ бергені үшін жәбірленушілерді, куәларды қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы туралы ескерту — ол шындық айғақ алудың бірден-бір маңызды құралы. Ал, іс бойынша жәбірленушілердің, куәлардың, әсіресе сотталушылардың берген айғақтары міндетті түрде сотпен және тараптармен бағалануға жатады.

Сотталушының өз кінәсін мойындауы сот үшін қорытынды шешім болып табылмайды, ол сот тергеуінде басқа дәлелдемелер сияқты ол даусыз тексерілуге жатады. Сондай-ақ тәжірибеде жиі кездесетін жағдай, ол алдын ала тергеу барысында сотталушының өз кінәсін мойындауы, ал сот тергеуінде кінәсін мойындаудан толық немесе ішінара бастартуы. Сотталушының қай сатыда берген айғағы шындыққа жанасатынын анықтау сот үшін өте қиын. Дәлелдемелерді ерікті бағалау теориясы судьялардың ішкі сенімі бойынша баға беруді қолдайды. Осыған орай қылмыстық сот ісін жүргізуде аталған теориямен бір уақытта, тараптар ұсынған дәлелдемелер негізінде адамның кінәлі немесе кінәлі емес екендігін анықтайтын алқабилер пайда болды, олар ар-ожданын басшылыққа алып және ішкі сенім бойынша баға береді.

Мұндай жағдайда төрағалық етуші сотталушының алдын ала тергеу барысында берген айғақтарын жариялаумен шектеліп қана қоймай, іс бойынша айғақтарды бір-бірімен салыстыра отырып, дәлелдемелерді толық, жан-жақты зерттеуге және бағалауы тиіс.

Заңды күші бар қылмыстық іс жүргізу заңы, әрбір дәлелдемеге қатыстылығы, жол берілушілігі, дұрыстығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс деп атап көрсеткен (ҚР ҚІЖК 128-б., 1-б.).

Дәлелдемелерді бағалаудың қағидалары болып ішкі сенім бойынша бағалау қағидасы, істің мән-жайын толық, жан-жақты, объективті зерттеу, дәлелдемелер жиынтығының жеткіліктілігі табылады.

Ішкі сенім бойынша бағалау дегеніміз ол қылмыстық процесті жүргізуші орган, дәлелдемелерді бағалауда дәлелдемелердің жиынтығына негізделген орайда заңмен ар-ожданды басшылыққа алады. Судьяға, прокурорға, тергеушіге, анықтаушыға іс жүргізуге кедергі жасаса, оларды қылмыстық жауапкершілікке тартылуына заң кепілдік береді (ҚР ҚК 339, 341-б). Ішкі сенім бойынша бағалау қағидасының жүзеге асырылуы қылмыстық іс жүргізу ережелерімен тығыз байланыста: судьялардың тәуелсіздігі мен дербестігі; дәлелдемелердің теңдігі; қылмыстық істің тағдырын анықтайтын қылмыстық істі жүргізуші құзыретті органдардың шешімдері.

Дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қағидасы табылады.

Іс бойынша жиналған дәлелдемелердің барлық жиынтығын бағалау қылмыстық іс бойынша дұрыс қорытынды жасау үшін оның жеткіліктілігін анықтайды. Белгілі бір дәлелдемелер жиынтығын бағалау іс бойынша жекелеген мән-жайларды анықтау үшін жүзеге асырылады, мысалы, оқиға болған жер. Сондай-ақ дәлелдемелер жиынтығын бағалау, бірнеше түрдегі процессуалдық және басқа да шешімдер қабылдаудың негізінде жатыр. Дәлелдемелердің барлық жиынтығы, қылмыстық іс бойынша заңды және дұрыс қорытынды жасау үшін жеткіліктілігі дәлелдемелердің жалпы жүйесін құрайды. Дәлелдеу пәніне кіретін, жекелеген мән-жайларды анықтайтын дәлелдемелердің жиынтығы, қылмыстық іс бойынша дәлелдемелердің жеке жүйесі болып табылады.

Демек дәлелдемелерді бағалау ол өзіндік мақсат болып табылмайды, ол қылмысты тергеу процесінде заңды және негізді шешімдер қабылдауға қызмет етеді.

Сонымен қатар сот үшін аса қиындық тудыратын жағдайдың бірі, ол егер іс бойынша бірнеше сотталушы болса, олар жасаған әрекетін бір-біріне артуы әбден мүмкін, яғни қай сотталушының айғағы шындық, ал қай сотталушының айғағы жалған екенін түсіну өте қиын. Сондай-ақ, керісінше, сот шешімінің жеңіл болуын сотталушы көздей отырып, соттың шатысуын қалап, сотталушының

жалғанды жалпағынан басатын жағдайлары тағы бар. Ал сотталушының дәлелдеме ұсынуы оның міндеті емес, құқығы екені белгілі.

Сот тергеуі барысында сотталушының мінез-құлқына, өзін-өзі ұстауына, тұрысына соттың ерекше көңіл аударуы тиіс. Сотталушының сот тергеуіндегі мінез-құлқы, өзін-өзі ұстауы, ұстамдылығы, оның шын өкінуі, шынайы айғақ беруі іс бойынша ақиқатты анықтауға көмегін тигізетін жағдайлары да тәжірибеде аз емес [4; 56]. Сот тергеуі барысында басшылыққа алынатын басты қағиданың бірі — ол сот талқылауының тікелей және ауызша болуы. Осыған орай, өз алдарында айғақ беріп тұрған сотталушыны сырттай бақылау, оның ойлау барысына назар аудару, сотпен, тараптармен қойылған сұрақтарға берген жауабына көз жүгірту керек. Сот тергеуі барысындағы сотталушының әрекеттерінің ерекшеліктері қандай да бір әсер қалдыратыны сөзсіз, яғни ол сот талқылауындағы дәлелдемелердің тікелей зерттелген нәтижесін білдіреді.

Тәжірибенің көрсетуі бойынша сот тергеуінде сотталушының белсенділігі өте төмен, оны сот тергеуі барысына сотталушының адвокатының қатысуында деп түсіндіреді. Ал сотталушының өз белсенділігі тек олардан жауап алу барысында ғана танылуы мүмкін. Судьялардың айтуы бойынша, тәжірибе барысында кейде адвокаттарға қарағанда сотталушылар әлдеқайда белсенділік танытады екен. Мысалы, азамат К. ісі бойынша (іс адвокаттың қатысуы бойынша жүргізілген болатын) алдын ала тергеу барысында жауап алу хаттамасына қол қою өзінің қатысуынсыз жүргізілгенін ескере отырып, сот тергеуінде қолжазбалық сараптама тағайындау туралы сотқа өтініш білдіреді. Сараптамалық зерттеудің нәтижесі хаттамаға қойылған қолдың сотталушыға тиесілі емес екендігін көрсетеді, соның нәтижесінде аталған жауап алу хаттамасы дәлелдемелік күшін жойды.

Ал сотталушының сот тергеуіндегі белсенділігінің төмендігі, ол заңмен бекітілген құқықтарының толық білмеуі және құқықтарын дұрыс түсінбеуімен байланысты [6]. Әрине, төрағалық етуші судья сотталушыдан жауап алмас бұрын құқықтарын түсіндіретіні белгілі, бірақ кейбір құқықтары тіпті түсіндірілмейтін жағдайларда аз емес. Біздің көзқарасымыз бойынша, төрағалық етуші судья сотталушыға қосымша мына жағдайларды түсіндіруі тиіс: сот тергеуінде барлық жауап алынып отырған адамдарға сұрақ қоюға; іс үшін мәні бар барлық мән-жайлар анықталғаннан кейін сарапшыға жазбаша түрде сұрақ беру (ҚР ҚІЖК 354-б. 5-б.); заттай дәлелдемелерді қарауға қатысуға (ҚР ҚІЖК 356-б.).

Сот тергеуінде дәлелдемелерді жинау, зерттеу бойынша әрекеттер аяқталғаннан кейін, сот тергеуін толықтыруды қалай ма, егер қаласа, сот тергеуін немен толықтырғысы келетіні туралы өтініштерінің бар-жоғын тараптардан сұрайды, сот тергеуін толықтыру туралы өтініш мәлімделген жағдайда, сот бұл өтінішті талқылайды және оны шешеді, егер сот тергеуін толықтыру туралы тараптардан өтініші түспеген жағдайда төрағалық етуші сот тергеуін аяқталды деп жариялайды. Төрағалық етуші тараптардың өтінішін тыңдағаннан кейін оны қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бастарту туралы шешім қабылдайды.

Мұндай жағдай сотталушының жеке басын анықтау үшін және оның жағдайын жеңілдету немесе, керісінше, ауырлату үшін берілген өтініштер қанағаттандырылуы тиіс. Тараптардың өтінішін қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бастарту туралы шешім қабылдау үшін сот кеңесу бөлмесіне кете алады немесе өз орнында шеше алады.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді қорытындылай келе, сотталушы сот тергеуінде дәлелдемелерді ұсынуда, зерттеуге қатысуда белсенді болуы тиіс, сондай-ақ сотталушыдан жауап алу барысында тараптар, әсіресе сот ерекше белсенділік танытуы керек, себебі дәлелдемелердің дұрыс зерттелуі және бағалануы — ол заңды және негізді үкім шығарылуының бірден-бір кепілі.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. — Алматы: Юрист, 2008. — 200-б.
2. Петелин Б. Допрос подсудимого: вопросы вины // Сов. юстиция. — 1992. — № 21, 22.
3. Чеджемов Т.Б. Судебное следствие. — М.: Юрид. лит., 1979.
4. Питерцев С.К., Степанов А.А. Тактика допроса в суде. — СПб., 1998.
5. Вишнеvский К.В. Исследование доказательств на предварительном следствии и в судебном разбирательстве. — Краснодар, 2001. — С. 95.
6. Нуралиева А.С. Роль судебного следствия во всестороннем, полном, объективном исследовании доказательств по уголовному делу: Дис. ... канд. юрид. наук. — Алматы, 1999. — С. 98.